## 2012 жылға жастар практикасын ұйымдастыру туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 05 наурыздағы N 230 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 19 наурызда N 2-8-194 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 28 мамырдағы N 595 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2012.05.28 N 595 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабының 1-тармағының 13)-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы " Заңының 7-бабының 5-7) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылға еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесін қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Еңбекшіқазақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" (Айсина Қалдыкүл Оспанәліқызы) және "Еңбекшіқазақ ауданының жұмыспен қамту орталығы" (Матайбаева Жаннат Қыдырғазықызы) мемлекеттік мекемелері жастар практикасын өту үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының түлектер қатарындағы жұмыссыз азаматтарды жұмыс берушілерге жіберсін және жұмыс берушілермен жастар практикасын өту үшін жұмыс орнын құру туралы шарттар жасалсын.

3 . Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Б. Ысқақ*

Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 05 наурыздағы N 230 "2012 жылға жастар практикасын ұйымдастыру туралы" қаулысына қосымша

## 2012 жылға еңбек нарығындағы қажеттілікке сәйкес жастар практикасын өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жұмыс берушілердің тізбесі

| N | Ұйымдардың тізбесі | Кәсібі (мамандығы) | Ұйымдастырылатын жұмыс орындарының саны | Айлық жалақы мөлшері, теңге | Жастар практикасының ай бойынша ұзақтығы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | "Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 1 | 26000 | 6 |
| 2 | "Асы селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Компьютерлік техникасының операторы | 1 | 26000 | 6 |
| 3 | "Бартоғай селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Экономист | 1 | 26000 | 6 |
| 4 | "Бөлек селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| 5 | "Есік қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Іс-қағаз жүргізуші | 1 | 26000 | 6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | "Қазақстан селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Компьютерлік техникасының операторы | 1 | 26000 | 6 |
| 7 | "Қаражота селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Компьютерлік техникасының операторы | 1 | 26000 | 6 |
| 8 | "Қоғам селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Компьютерлік техникасының операторы | 1 | 26000 | 6 |
| 9 | "Малыбай селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Компьютерлік техникасының операторы | 1 | 26000 | 6 |
| 10 | "Тескенсу селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Қаржыгер | 1 | 26000 | 6 |
| 11 | "Түрген селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Экономист | 1 | 26000 | 6 |
| 12 | "Шелек" селолық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Экономист | 1 | 26000 | 6 |
| 13 | "Қазақстан Республикасының Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы төлеудегі мемлекеттік орталығы" Алматы облыстық филиалының | Экономист | 1 | | 6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еңбекшіқазақ аудандық бөлімшесі | | | 26000 | |
| 14 | Алматы облысының "Казпочта" Акционерлік қоғамының Шелек почта байланыс торабы | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Қаржыгер | 1 | 26000 | 6 |
| 15 | "Еңбекшіқазақ ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Экономист | 1 | 26000 | 6 |
| | | Компьютерлік техникасының операторы | 1 | 26000 | 6 |
| 16 | "Еңбекшіқазақ аудандық әділет басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Заңгер | 4 | 26000 | 6 |
| 17 | "Еңбекшіқазақ ауданындағы Есік қаласының перзентханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Акушер | 2 | 26000 | 6 |
| | | Мейірбике | 2 | 26000 | 6 |
| 18 | "Еңбекшіқазақ ауданы бойынша салық басқармасы" мемлекеттік мекемесі | Экономист | 4 | 26000 | 6 |
| | | Есепші | 1 | 26000 | 6 |
| | | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Компьютерлік техникасының операторы | 1 | 26000 | 6 |
| | Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат Министрлігінің Мемлекеттік қызметкерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті "Алматы | Заңгер | 1 | 26000 | 6 |
| | | Қаржыгер | 1 | | 6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 19 | облысының Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің Еңбекшіқазақ аудандық Шелек өкілдігі | | | 26000 | |
| 20 | Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат Министрлігінің Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитеті "Алматы облысының Халыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесінің Еңбекшіқазақ аудандық филиалы | Заңгер | 2 | 26000 | 6 |
| | | Іс-қағаз жүргізуші | 1 | 26000 | 6 |
| 21 | "Еңбекшіқазақ ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі | Экономист | 1 | 26000 | 6 |
| 22 | Еңбекшіқазақ ауданы "Шелек ауылының ауылдық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | Мейірбике | 2 | 26000 | 6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 23 | Еңбекшіқазақ ауданы "Шелек ауылындағы Облыстық мамандандырылған балалар үйі" денсаулық сақтау мемлекеттік мекемесі | Мейірбике | 1 | 26000 | 6 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК